

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 қыркүйек N 995. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111, 2004.11.24. N 1232 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитеті құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 12 қыркүйектегі

N 995 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитеті туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ аэроғарыш қызметі саласын басқаруды жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған басқа да мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері б о л а д ы .

Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі. Егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, Комитеттің мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Комитеттің заңды мекен-жайы: 480004, Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 50.

6. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитеті" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады .

Комитетке оның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады .

Егер Комитетке кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға заңнамалық кесімдермен құқық берілсе, мұндай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

9. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) аэроғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу ;

2) Қазақстан Республикасының ғарыш кешенін және аэроғарыштық өнімдер мен қызметтер көрсетудің рыногын дамытудың қысқа мерзімді, орта мерзімді кезеңге арналған жоспарлары мен болжамдарын әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасының аэроғарыштық инфрақұрылымын сақтау және дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

4) аэроғарыш қызметі саласында Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және технологиялық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуге қатысу және іске асырылуын қамтамасыз ету;

5) ғарышкерлер даярлауды, аэроғарыш қызметі саласында кадрлар даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру болып табылады.

10. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) аэроғарыш саласында, оның ішінде Қазақстанның тиісті халықаралық ұйымдар мен институттардың қызметіне қатысуына байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады ;

2) аэроғарыш саласына шетелдік кредиттер мен инвестицияларды тарту және оларды пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізеді ;

3) Қазақстан Республикасындағы аэроғарыштық инфрақұрылымның жай-күйін және аэроғарыш техникасы мен технологияларының әлемдік үрдістерін талдайды және дамуын болжайды ;

4) "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартын, Қазақстан Республикасының аэроғарыш қызметі саласындағы халықаралық келісімдері мен шарттарын орындау жөнінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіруді ұйымдастырады ;

5) "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартының және оған қосымша Келісімдер қағидаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады, өзінің құзыреті шегінде "Байқоңыр" кешенінің ұйымдастыру және өзге де шаруашылық мәселелерін шешеді ;

6) Қазақстан Республикасының ғарыш кешенін дамытудың тұжырымдамалары мен бағдарламаларын, ғарыштық кеңістікті зерттеу және пайдалану жөніндегі жобаларды әзірлеуді және іске асырады ;

7) аэроғарыш қызметі саласында заңнаманың қолданылу тәжірибесін талдайды және қорытындылайды, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, аэроғарыш қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын дайындауға қатысады ;

8) аэроғарыш қызметі саласындағы халықаралық шарттардың жобаларын дайындауға және сараптауға қатысады ;

9) аэроғарыш қызметі саласында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады ;

10) аэроғарыш қызметі саласында жұмыс істейтін мемлекеттің қатысуы бар ұйымдардың басқару органдарында өз құзыретінің шегінде мемлекет мүдделерін білдіреді ;

11) аэроғарыш қызметі саласында жұмыс істейтін заңды тұлғалардың қызметіне талдауды жүзеге асырады ;

12) өз құзыретінің шегінде ғарыш кеңістігін пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асырады ;

13) ғарышкерлер даярлауды, аэроғарыш саласында мамандар даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастырады және үйлестіреді;

14) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11. Комитет негізгі міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде:

1) нормативтік құқықтық кесімдер қабылдауға;

2) "Байқоңыр" кешенінің, оның ішінде Ресей Федерациясы жалға алған объектілердің пайдаланылу жағдайлары мен сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

3) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан және азаматтардан ақпаратты сұрауға және алуға;

4) мемлекеттік кәсіпорындарды және өзге де ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

5) өзінің қарауындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыруға;

6) шет елдердің мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізуге және шарттар жасасу туралы ұсыныстар енгізуге;

7) басқа мемлекеттік органдардың мамандарын, сондай-ақ жетекші ғалымдар мен мамандарды, оның ішінде шетелдік ғалымдар мен мамандарды жұмысқа тартуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3. Мүлкі

12. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі құны мемлекеттік органның теңгерімінде көрсетілетін, мемлекет оған берген мүліктің есебінен қалыптастырылады.

13. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңнамада белгіленген жағдайларда және шекте мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Қызметін ұйымдастыру

15. Комитетті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын үш орынбасары болады.

16. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

17. Осы мақсатта Комитеттің төрағасы:

1) өзінің орынбасарларының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде Комитеттің құрылымын және штат кестесін бекітеді;

3) заңнамаға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлерін көтермелейді, сондай-ақ тәртіптік жаза қолданады;

5) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

6) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және заңнамада белгіленген жағдайларда ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жарғыларын бекітеді;

7) қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес Комитетті мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда білдіреді;

8) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Қайта ұйымдастыру және тарату

18. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 12 қыркүйектегі

№ 995 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы № 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., № 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

министрлігінің Аэроғарыш комитеті" бөлімі және реттік нөмірі 106а-3-жол
алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі"
бөлімі мынадай мазмұндағы кіші бөліммен және реттік нөмірі 72-жолмен
толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Аэроғарыш комитеті

72 "Инфракос" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
(шаруашылық жүргізу
құқығында) Байқоңыр қаласы;"

2. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің
мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20
қарашадағы N 1756 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж.,
N 51, 506 - құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік және
коммуникациялар министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацы "Аэроғарыш комитеті" деген сөздермен
толықтырылсын;

10-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске
асыруға қатысу."

11-тармақ мынадай мазмұндағы 13-3) және 13-4) тармақшалармен
толықтырылсын:

"13-3) аэроғарыш қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты
жүргізеді;

13-4) "Байқоңыр" ғарыш айлағы объектілерін тиімді пайдалану жөніндегі
іс-шараларды әзірлеу мен іске асыруды үйлестіреді;"

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.01. N 314

қаулысымен

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 12 қыркүйектегі

N 995 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Аэроғарыш комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1131 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 353-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1131 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 1358 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 46, 421-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1131 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 мамырдағы N 798 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 24, 281-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 133 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 3, 37-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.